

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 ақпандағы N 249 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 шілде N 718.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан жастары" бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 ақпандағы N 249 P010249_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 7, 74-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан жастары" бағдарламасында:

"Қазақстан жастары" бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"Жастармен әлеуметтік жұмыс" деген 5-бөлімде:

"Жасөспірімдер мен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу" деген 5.1-

т а р а у д а :

реттік нөмірі 5.1.2 - жолда:

2-бағанда "мекемелері туралы ереже жобасын" деген сөздер

"мекемелерінің қызметін ұйымдастыру туралы ереже жобасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-бағанда "Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы" деген сөздер

"Бірлескен бұйрық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-бағанда "2001 жылдың маусымы" деген сөздер "2002 жылдың маусымы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК